

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық Комитеттің мәжілісі**

**№9 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы**

**17.05.2024 ж.**

**Қатысқандар:**

**АК төрайымы:**

1. Меирбекова О.Д. - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы

**АК мүшелері:**

|    |                                       |                                                  |
|----|---------------------------------------|--------------------------------------------------|
| 2. | Агабекова Актolkын Бекарысовна        | - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 3. | Калимбетова Жансая Сейдахановна       | - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы          |
| 4. | Исабеков Жәнібек Назарбекұлы          | - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 5. | Бабахан Шохрух Абдилкасымұлы          | - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы      |
| 6. | Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич | - «КТЗ» АҚ-ның басқарма төрағасы                 |
| 7. | Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы            | - МЭЭ-211 тобының 2курс магистранты              |
| 8. | Ордабек Аяулым Бағдатқызы             | - АЭЭ-011 тобының 4 курс білім алушысы           |

**Қатыспағандар:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар туралы
2. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар туралы және мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

**АК төрайымы О.Д.Меирбекова бірінші мәселе бойынша:** 2023-2024 оқу жылында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Электр инженериясы кафедрасымен Өзбекстан Республикасы, Ферғана қаласы, «Ферғана Политехникалық институты» (№23/4025, 03.11.2023ж) және «Ташкент ауыл шаруашылығын суару және механикаландыру инженерлері институтымен» (№24/417, 07.02.2024ж) серіктестік Меморандумына қол қойылды. Меморандум аясында ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен басқа да іс-шаралар, пәнаралық ғылыми-зерттеу зертханаларын бірлесе отырып ұйымдастырау, серіктестік қатынастарға байланысты екі ел арасында мемлекеттік және коммерциялық, коммерциялық емес ұйымдар арасында өзара байланыс орнату, бірлескен жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жасалу көзделуде. Сонымен қатар, магистранттар мен ОПК ғылыми-зерттеу ізденістері мен академиялық ұтқырлық немесе тәжірибе алмасу аясында жіберу ұсынылған. «Ферғана Политехникалық

институты» меморандумына сай кафедрадағы екі ОПК ғылыми жұмыстарын жасауда. Меморандум аясында алдағы 5 жылда көпетеген іс-шаралар атқарылу жоспарлануда.

**Шешім: 1.** Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.

*АК мүшесі А.Б.Агабекова.* Құрметті АК мүшелері мамыр айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстары жасалды және мамыр айында атқарылған іс шаралар өз деңгейінде орындалып жатқындығын айтқым келеді.

**Шешім: 2.** Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстары қанағаттанарлық деп есептеліп, мамыр айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс  
даярлау бағыты бойынша  
Академиялық комитет төрағасы:**



**О.Д.Меирбекова**